…АРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# …Н ТУЫ

…КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
…ТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

… май Жексенбі | Шығуына 33 жыл жеке саны 20 тиын.



# ҚЫЗЫЛ АЛАҢДАҒЫ БІРІНШІ МАЙ ПАРАДЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕМОНСТРАЦИЯСЫ

Май айының бірінші таңында Москва тамаша көрікті болды. Ағаштар гәуһар тас сияқты, әсем жапырақ жамылған. Үйлер, көшелер мейрамдағыдай безендірілген. Үйлердің маңдайларына В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің, партия мен үкмет басшыларының портреттері қойылған, ұран жазылған ал-қызыл маталар желбіреуде. Барлық жерде БК(б)П Орталық Комитетінің Ұрандары жазылған зор транспаранттар қойылған.

Көшелер мен алаңдарда халық әрбір минут сайын көбейе түсуде. Барлық жерде бірдей шаттық сезіледі. қуанышты әндер шырқалып, музыка ойнауда.

Өздерінің Отаны үшін патриоттық мақтаныш сезіміне бөленген совет адамдары еңбекшілердің халықаралық ынтымақ күні, барлық елдердің жұмысшыларының туысқандық күні —1 Майды зор жеңістермен қарсы алды.

...Қызыл алаң салтанатты тыйыштыкта. Мавзолейдің қарсы алдындағы үйлерде большевиктік партия мен совет мемлекетінің негізін салушылардың —В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің зор портреттері қойылған. Он алты одақтас советтік республикалардың мемлекеттік гербтері көп ұлтты еліміздің халықтарының мызғымас достығын бейнелейді.

Қызыл алаңның трибуналары адамдарға тез тола бастады. Мұнда партияның Орталық Комитетінің мүшелері, СССР Жоғарғы Советінің және одақтас республикалардың Жоғарғы Советтерінің депутаттары, Министрлер, Совет Одағының Батырлары және Социалистік Еңбек Ерлері, Сталиндік сыйлықтың лауреаттары, өнеркәсіптің, құрылыстар мен транспорттың стахановшылары, социалистік жер шаруашылығының шеберлері мен ғылымның, мәдениеттің, искусствоның көрнекті қайраткерлері, Совет Армиясының генералдары, адмиралдары және офицерлері жиналды. Бұл арада Қытай Халық Республикасының, халықтық демократия елдерінен келген шетел қонақтары, Кореяның қаһарман халқының өкілдері, Герман Демократиялық Республикасынан келген қонақтар, кәсіподақ делегациялары және дүние жүзінің көптеген елдерінен келген мәдениет қайраткерлерінің делегациялары бар. Қызыл алаң трибуналарында дипломатиялық корпустың мүшелері және шетелдердің соғыс атташелері де тұр.

Кремльдің Спасс мұнарасындағы сағат стрелкалары 10-ға таялды. Жиналған халық кенет ду қол шапалақтады: Мавзолейдің трибунасына —И. В. Сталин жолдас, В. М. Молотов, Г. М. Маленков, Л. П. Берия, К. Е. Ворошилов, А. И. Микоян, Н. А. Булганин, Л. М. Каганович, А. А. Андреев, Н. С. Хрущев, А. Н. Косыгин, Н. М. Шверник, М. А. Суслов, П. К. Пономаренко, М. Ф. Шкирятов жолдастар шықты.

Кремль куранттары сағат 10-ды соқты. Бірінші Май парадының командашысы генерал -полковник П. А. Артемьев парад қабылдаушы Совет Одағының Маршалы Л. А. Говоровқа Мавзолейдің алдында рапорт берді.

Парадты аралап шығу бірнеше минутқа созылды. Совет Одағының Маршалы Л. А. Говоров Қызыл алаңға қайтып келді де, Мавзолейге көтеріліп, Қызыл алаңда сап түзеген әскерлерге, Отанымыздың барлық қарулы күштеріне, бүкіл совет халқына арнап сөз сөйледі.

## Совет Одағының Маршалы Л. А. Говоровтың сөзі

Жолдастар, солдаттар мен матростар, сержанттар мен старшиналар!

Жолдастар, офицерлер, генералдар мен адмиралдар!

Совет Одағының еңбекшілері!

Халықтардың тілегіне қарамастан американ -ағылшын агрессорлары мен олардың сыбайластары жанталаса қарулануда. Батыста герман империализмін және Шығыста жапон империализмін қайта…

мінген совет атты әскерлері эскадрон болып, үзеңгілесе сап түзеп, қылыштарымен салют беріп, ат ойнақшытып өтіп жатты...

Қызыл алаңдағы парадта Совет Армиясының даңқты құрамасы — Таманьның М. И. Калинин атындағы Суворов ордені Қызыл Тулы гвардиялық атқыштар дивизиясы көп жылдан бері әскердің негізгі түрі болып табылатын жаяу әскерді көрсетті.

Қарулы күштердің техникалық қаруланұы біздің Отанымыздың халық шаруашылығының алға басқандығын бейнелейді. Жаяу әскердің жауынгерлік ауыр еңбегін машина көп жеңілдетті. Мотоциклдер, автомобильдер және басқа техника Совет Армиясының негізгі құралының біріне айналды.

Қызыл алаң арқылы мінсіз сап түзеген машиналар зымырап өтті. Гвардияшыл-таманьдықтар қозғалмай тына қалған. Олар Мавзолейге, Генералиссимус И. В. Сталин тұрған жерге көз жіберуде. Олардың әрқайсысы сүйікті көсемнің жайдары, аталық күлімсіреуі нақ маған арналған екен деп жорыйды.

...Бір сәт тыныштықтан кейін Қызыл алаңда моторлардың бір қалыпты гүрілі қайтадан естілді. Автомашиналар көп-көптен қатар түзеп өтуде. Кәзір олар зениткаларды, зеңбіректерді, гаубицаларды сүйреп келеді... Жүк машиналарынан кейін вездеходтар трактор-самоход машиналары шықты. Бұл сан-алуан техниканы өз ісіне жетік шеберлер басқаруда. Артиллерия колоннасы қатаралықтарын мүлтіксіз түзу ұстап, үлгілі тәртіппен өтті.

Совет артиллериясының Сталиндік артиллерия деп аталуы өте орынды. Дүние жүзіндегі ең озат совет соғыс ғылымының данышпан жасаушысы кемеңгер көсеміміз және қолбасшымыз И. В. Сталин жолдас, большевиктік партия, совет үк-

# ...к заемдары

...стрі

...дамытуда
...табыстар-
...іріске ке-
...лігін арт-
...ркәсібінің
...100,3 про
...ен салыс-
...Егіс көле-
...ұлғайтыл
...аникалан-
...га түсті.
...денті ком-

...ыстарында
... елімізді
...й бастап
...ның ора-
...лі айқын

...лық шар-
...н сайын
...кен жұ-
...руы тиіс.
...оциалистік
... роль ат-
..., арналған
...ті, ауыл
...одан әрі
... ұлғайту
...ың тұрмыс
...оммунистік
...а қойған
... ССРО-нын
...кетінде кз
...кі бөлсті
...ен әлеумет
...ландыруға

...ы бюдже-
...бір бөлегі,
...л республи
...үдделеріне

бюджеттің дефицитін толтыру үшін шығарады. Сондықтан капитализм елдерінде мемлекеттік заемдардың көбейтілуі —капиталистік мемлекеттердің финанстарының берекесі кеткендігін көрсетеді. Капитал елдерінде заемдардан түсетін қаржылар, сол сыяқты, мемлекеттік бюджеттің басқа да қаржылары халық шаруашылығын дамытуға пайдаланылмай, жанталаса қарулануға, соғысқа әзірленіп, оны жүргізуге, капиталистерді үсті -үстіне байытуға пайдаланылады.

Капиталистік мемлекеттерге мүлдем қарама -қарсы, өте берік, дәйекті мемлекеттік бюджеті бар Совет Одағы мемлекеттік заемдар тарату жолымен жыйналған қаржыларды ең алдымен социалистік халық шаруашылығын өркендетуге, әлеуметтік -мәдени шараларды— халық ағарту және денсаулық сақтау істерін, әлеуметтік қамсыздандыруды қаржыландыруға, көп балалы және жеке басты аналарға мемлекет жәрдемін көрсетуге және басқаларға пайдаланылады.

Совет заемдары —шын мәнісінде халықтық заем. Бұл заемдарға ССРО-ның барлық еңбекшілері жазылады. Өздерінің жыйған қаржысын мемлекетке қарызға беріп, соның арқасында совет адамдары социалистік өндірістің тез өсуіне жәрдемдеседі. Ал социалистік өндірістің өсуі негізінде халықтың тұтыну қабілеті үнемі артып отырады. Мұнымен бірге совет заемдары еңбекшілердің ұтыс түрінде алып отыратын қосымша табыстарының бірі болып табылады.

Соңғы алты жылдың ішінде советтің мемлекеттік заемдарына жазылушыларға 22 миллиард сомдай ұтыс төленді. Қазақстан еңбекшілері 1951 жылдың өзінде ғана мемлекеттік заемдар бойынша 128 миллион сом ұтыс алды. 1952 жылдың алғашқы үш айында республика еңбекшілеріне 35 миллион сомнан аса ұтыс төленді.

Біздің елімізде заемға жазылу әркашан

# *Біздің көктем*

Күннің нұры,
Тартып жылы
Ұқсап біздің өмірге,
Көктем күні,
Жаздың тілі,
Келді байтақ елімге.

Секілді ағым,
Қалқып сағым,
Жер бетінде дірілдеп.
Біздер қазған,
Каналдардан,
Ақты сулар гүрілдеп.

Қош иісті,
Неше түсті,
Гүлге дала оранған.
Қатарланып,
Бүршік жарып,
Халқым еккен жас орман.

Бейне теңіз,
Көз жеткісіз,
Жасыл дала өңірі.
Ол еңбекпен,
Кешегі еккен,
Елінің жас өндірі.

Шықты ойнақтап,
Мыңдап қаптап,
Көктем төлі жарысып.
Күліп елім,
Жайнап жерім,
Тұр ғой жазбен жарасып.

Бейбітшілік,
Туын тігіп,
Жүрегіміз —Москва.
Адамдарға,
Адалдарға,
Ол зор сенім —Астана.

Әділдікке,
Іс, еңбекке,
Күреске де басшымыз.
Азаттықты,
Зор бақытты
Күреспенен таптық біз.

Әр ісіміз,
Күресіміз,
Ескілікті өзгерткен
Біздей елді,
Біздің елді,
Жердің жүзі үлгі еткен.

Әли МУСАХАНОВ.

# Армияға, Авиацияға, Флотқа көмектесу қоғамында атқыштық-спорт жұмысын жақсарта берейік

Коммунистік партия мен совет үкметі қала және ауыл -деревня еңбекшілеріне физкультура тәрбиесін беру ісін жақсартуға үнемі көңіл бөліп, қамқорлық көрсетіп келеді. БК(б)П Орталық Комитетінің 1948 жылғы 27 декабрьдегі қаулысы физкультура мен спортты онан әрі өркендету жөнінде партия, совет және қоғам ұйымдарының жұмыс программасы болды және атқыштық спортты өрістетудің бағытын көрсетіп берді.

Атқыштық спорт спорттың еңбекшілеріміздің қалың көпшілігі шұғылданатын және тартымды түрі болып алды. Армияға, Авиацияға, Флотқа көмектесетін ерікті қоғамның жүздеген мүшелері

Бастауыш ұйымдар өзінің жұмысын кеңінен өрістеткендігі үстіміздегі жылы өткізілген қалалық атқыштар жарысында айқын көрінді. Совет Армиясының 34 жылдығы және халықаралық әйелдер күні—8 март құрметіне өткізілген атқыштар жарысына көп атқыштар командасы, олардың құрамында көп жас жігіттер мен қыздар қатысты. Бұл жарыста командалық бірінші орынға ет комбинатындағы бастауыш ұйымның командасы ие болды. Жеке жарыста № 5 қазақ орта мектебінен Қ. Омаров жеңіп шықты.

Атқыш спортшыларды оқытып үйрету жұмысын одан әрі өрістетіп, сапасын жақсарту үшін атқыштар коман-

# Қытай Халық Республикасында 1 Майды мерекелеу

ПЕКИН, 30 апрель. (СОТА). Пекин еңбекшілері 1 Май мерекесін үшінші рет зор өрлеумен еркін қарсы алды.

Пекин —салтанатты түрге келтірілген. Барлық жерлерде мемлекеттік тулар желбіреп, ұрандар жазылған қызыл маталар алыстан көз тартады. Зәулім үйлердің төбелеріне бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің көсемдері —Маркс, Энгельс, Ленин, Сталин, сол сыяқты, қытай халқының сүйікті көсемі Мао Цзе- дунның және Лю Шао -цидің, Чжоу Энь-лайдың Чжу Дэнің портреттері ілінген.

Тяньаньмын алаңында «Марксизм —ленинизм жасасын!», «Сталин жасасын!», «Председатель Мао Цзе -дун жасасын!», «Қытай коммунист партиясы жасасын!» деген ұрандар.

Совет Одағы мен Қытай халықтарының арасындағы ұлы достықты мадақтайтын ұрандар барлық көшелердің бойында ерекше сезіммен оқылады.

## СОЛТҮСТІК АФРИКАДА 1 МАЙ ДЕМОНСТРАЦИЯСЫНА ТЫЙЫМ САЛУҒА ҚАРСЫ НАРАЗЫЛЫҚ БІЛДІРУ ҚОЗҒАЛЫСЫ

ПАРИЖ, 30 апрель. (СОТА). Мұнан бұрын хабарланғанындай, Тунистегі француз қарулы күштерінің бас қолбасшысы генерал Гарбэ Тунисте 1 Май демонстрациясын, жыйын және жыйналыс өткізуге тыйым салған болатын.

Бүгін «Юманите» газеті Францияның отарлаушы өкмет орындары Марокко мен Алжир департаментінің аймағында да 1 Май демонстрациясына тыйым салғандығы туралы мәлімдеме жасады деп хабарлайды. Осы уақыттың ішінде Константин департаментінің (Алжир) француз өкмет орындары халыққа жыйналыс өткізуге, елді пункттер мен қалалардың басты көшелеріне шығып көрініс жасауға, плакаттар мен хабарландырулар жапсырып, лис-

